

**ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасы бойынша кезектен тыс
педагогикалық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

(көшірме)
29.03. 2024ж

Төрайым: Төлемісова Б.С
Қатысқаны : 9
Қатыспағаны: 0
Қамқоршылық кеңес мүшелері :8
Қатысқаны:8
Қатысағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Өзін-өзі бағалау қорытындысы

Тындалды:

1. Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы Төлемісова Б.С кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысын ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. ЖШС «МДҰ кен и Барби» балабақшасын ҚР ОАМ 2022 жылдың 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» ережелерімен және «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің 19.02.2024 жылғы №22-1-5/1199-И шығыс хаты және Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы 2023 жылғы 10 қарашадағы №666н/қ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын 2024 жылдың 01-29 наурыз аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады (2021-2021; 2022-2023; 2023-2024).

Өзін-өз бағалау өлшемшарттарына сәйкес ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, О.Калыбаева көшесі №12 үй, салынған жылы -2010, жалпы көлемі -9х7 кв м, жалпы ауданы- 123 кв метр, 2 қабатты, жертелө, жер учаскесінің алаңы -0,1200га.

Мектепке дейінгі ұйым 2011 жылдың 04 маусым айынан жұмыс жасап келеді. Мектепке дейінгі ұйым 3 топқа арналған, 75 орынды қамтиды.

ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеті Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы), (2022 жылдың 14 қазандағы №422 бұйрығы), ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатын негізге ала отырып жүргізіледі.

Сонымен қатар, МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Шешім: Мектепке дейінгі ұйымды басқару құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамаларына, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келеді. ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасында жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша жауапты қызметкерлерді тыңдауды ұсынды:

Әдіскер: Г.С.Бисенова: Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық міндеттеріне:

- «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ұлттық және жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ұлтжандылыққа тәрбиелеу»
- «Әр балаға жеке көзқарасты ескере отырып, инновациялық технологияларды меңгерту арқылы тәрбиеленушілермен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының тиімділігін арттыру» тақырыптары мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу және оқыту үрдісіндегі өзгерістерге, балабақша қажеттілігіне байланысты алынды.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетінің белсенділігін, тілдік күзіреттілігін арттырып, рухани – адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып, әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс – әрекеттерден тыс шығармашылық топ бірлестігі құрылып, жаңаша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Мектепке дейінгі ұйымының әдіскері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін (бар болса) олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, Жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.

Шешім: Оқу жылының міндеттерін орындау барысында жұмыстар жүйелі және нәтижелі ұйымдастырылуда.

Білікті қызметкерлердің болуы бойынша Г.С.Бисенова өз сөзін жалғастырды. Зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 ағымдағы оқу жылы бойынша штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымы педагогтарымен толығымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар педагогтардың біліктілік санаттарын көтеру (расталу), біліктілік арттыру курстарынан өтуі өз деңгейінде жүргізілуде. Балабақшада МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» маандығы бойынша білімі бар және жоғары педагогикалық білім бар, қайта даярлау курсынан өткен педагогтар қызмет атқаруда.

Шешім: Балабақшаның штаттық кестесіне сәйкес бейіні бойынша сәйкес педагогтар қамтылған және бейіні бойынша келмейтін сәйкес келмейтін педагог мамандарды қайта даярлау курсынан өткізу қарастырылуда.

Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау бойынша тәрбиеші Г.А. Әжібаева тыңдалды:

Балабақшаның заттық-кеңістік дамытушы ортану құру және балаға жағдай жасау бойынша түрлі іс-шаралар жоспарланды. Педагогтар іс-тәжірибелермен бөлісті, заттар мен ойыншықтарға балалардың еркін қолжетімді болуын және немен айналысатынын өз бетінше тандауын, күні – бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін, қауіпсіз ортада қамтамасыз етілген балалардың бастамасын қолдау үшін, дұрыс ұйымдастырылған қолжетімді ортаның тәрбие мен білім беру үшін маңыздылығын баса атап айтты. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау бағытында тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс –әрекетін дамыту;
- әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Шешім: Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім алу үшін 5 дағды бойынша заттық – кеңістік дамыту ортасы жабдықталған.

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша А.Б. Каримова тыңдалды:

Балабақшада үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бала өмірін қорғау және қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта –әр баланың жек тұлға болып дамуына жағдай жасалған. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуы жағдайына қауіпсіз ортаның болуы аса баса назарға алынған. Барлық жабдықтармен мен ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы қауіпсіздік, қолжетімділік, әртүрлілік, мазмұндылық, өзгермелі талаптары сақталған. Балалардың негізгі физикалық көрсеткіштерін, физикалық дамуын бағалау тоқсан сайын антропометриялық өлшеу арқылы жүйелі жүргізіледі.

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты жасалған. Сондай-ақ, балалардың қауіпсіздігі үшін бейнебақылау және күзет қызметі субъектілерін орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін дабыл беру құралымен (дабыл түймелері) жарақтандырылған.

Шешім: Тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қадағалау басты назарға алынған.

Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база бойынша меңгеруші Б.С. Төлемісова тыңдалды:

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылады, оқу тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығы, ұнтаспамен барлық топтар жабдықталған. Сондай –ақ балабақшада 2 компьютер, 1 наутбук, 3 принтер+сканер+ксерокөшірме аппараты, мұздатқыш, тоңазытқыш, т.б. жиһаздардың тізбесімен таныстырды. Барлық топтар стол, отырғыш, керуеттермен, сондай-ақ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштарымен жабдықталған.

Шешім: Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп есепке алынсын.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау, білім деңгейінің диагностикасы бойынша әдіскер-психолог Г.С. Бисенова тыңдалды:

Әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру дағдыларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға

мүмкіндік беретін мониторинг жасалынып, барлық оқу жылдарында мониторинг жүргізілді. (бастапқы-қыркүйек, аралық-қаңтар, қорытынды – мамыр айларында)

Шешім: Барлық бағаланған оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілер «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» меңгерген.

Ата-аналармен және педагогтармен өткізген сауалнама қорытындысы бойынша балабақшаның әдіскері Г.С. Бисенова тыңдалды:

Талдау нәтижелері: Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелеріне зерттеу жүргізілді. Сауалнама балалардың білім, білік дағды көлемін меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған. Осыған орай «Всезнайки мектепалды тобының ата-аналарымен сауалнама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Сауалнама 2024 жылдың 29 наурыз күні өткізілді. Балабақшаның мектепалды тобында барлығы 25 бала тәрбиеленуде. Сауалнамаға барлық ата-аналар қатысты. Ата-аналар толтырған сауалнаманың түпнұсқалары алынып, талдау жасалынды.

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны - 25

Қатысаған ата-аналар - 0

Балабақша жұмысының жоғары деңгейлі көрсеткіші - 84 %

2024 жылдың 29 наурыз күні балабақшаның педагогтері арасында телеграмм желісі арқылы сауалнама жүргізілді.

Балабақша бойынша тізімдегі педагогтердің саны - 8

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны - 7

Қатысағаны - 1 (меңгеруші)

Сауалнамаға берілген жауаптары бойынша - 85 % құрады.

Шешім: Балабақша ұжымының іскерлік қарым-қатынасы мен қызметі қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.

Тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналары мен педагогтер арасындағы қарым-қатынас деңгейі жақсы қалыптасқан. Ата-аналарды балабақша қызметі қанағаттандырады.

Шешім:

1. ЖШС «МДҰ Кен и Барби» қызметі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай екендігін көрсетті.

2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша барлық материалдар балабақша сайтына жүктелсін.

ЖШС «МДҰ Кен и Барби» меңгерушісі:

Хатшы:

Рейх Мушатова А.Э

Б.С.Төлемісова

